"SDU UNIVERSITY" мекемесі
040900, Қазақстан Республикасы,
Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі, 1/1,
www.sdu.edu.kz E-mail: info@sdu.edu.kz
Тел.:+7 727 307 95 60, +7 727 307 95 65

SDU UNIVERSITY
1/1, Abylaykhan str., 040900
Kaskelen, Republic of Kazakhstan
www.sdu.edu.kz E-mail: info@sdu.edu.kz
Tel.: +7 727 307 95 60, +7 727 307 95 65

Ғылыми жетекшінің пікірі

Райханова Данараның «Қазақстанның жоғары оқу орындарында химия-биология мамандықтары үшін "Арнайы мақсаттарға арналған ағылшын тілі" курсының оқу жоспарын әзірлеу» тақырыбындағы 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысына

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Зерттеу тақырыбы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің жаһандық, халықаралық және жоғары бәсекеге қабілетті еңбек нарығына интеграциялануы жағдайында аса өзекті әрі маңызды болып табылады. Зерттеу болашақ химия-биология мұғалімдерін даярлауға бағытталып, студенттердің академиялық және кәсіби қажеттіліктеріне бейімделген, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген ESP оқу бағдарламасын әзірлеуді көздейді. Қазақстандағы үштілді білім беру контекстінде, әсіресе «Химия-Биология» сияқты біріктірілген мамандықтар үшін ESP саласындағы зерттеулердің жеткіліксіздігі мен жаратылыстану пәндері мұғалімдеріне сұраныстың артуы бұл зерттеудің қажеттілігін айқындайды.

2. Ғылыми нәтижелердің деңгейі.

Диссертация ESP-ті ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың дербес бағыты ретінде қарастыратын кешенді теориялық зерттеу болып табылады. Автор әлемдік тәжірибедегі ESP жіктелуі мен тиімді оқыту тәсілдерін талдап, соның негізінде химия-биология мамандығы студенттеріне арналған оқу бағдарламасының әдіснамалық

тұжырымдамасын ұсынған. Зерттеуде тұлғаға бағытталған, құзыреттілікке негізделген және эксперименттік тәсілдер қолданылып, студенттердің қажеттіліктерін талдау, күтілетін оқу нәтижелерін анықтау, оқу мазмұнын әзірлеу (дайын және авторлық материалдар негізінде) кезеңдері жүйелі түрде жүзеге асырылған. Ұсынылған модель үздіксіз жетілдіруді талап ететін динамикалық үдеріс ретінде сипатталады.

3. **Нәтижелердің валидтілігі мен сенімділігі.**

Зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен сенімділігі заманауи ғылыми әдебиеттерді жан-жақты талдаумен, ашық әрі жүйелі әдіснамамен және деректер жинаудың әртүрлі эмпирикалық әдістерін (бақылау, сауалнама, диагностикалық құралдар, сараптамалық бағалау, өзін-өзі бағалау) қолданумен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, алынған деректер тиісті статистикалық және сапалық талдау әдістері арқылы өңделген. Автор әзірленген бағдарламаның қысқа және ұзақ мерзімді тиімділігін тұлектердің пікірлері арқылы да бағалаған.

4. **Нәтижелердің ішкі бірлігі.**
Диссертация жоғары деңгейдегі логикалық тұтастықпен сипатталады. Зерттеудің ғылыми аппараты, әдіснамасы және нәтижелері өзара үйлесімді байланыста берілген. Барлық ғылыми тұжырымдар қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді және отандық әрі шетелдік зерттеулермен салыстыра отырып негізделген.

5. **Нәтижелердің практикалық маңыздылығы.**
Зерттеу нәтижелері болашақ химия-биология мұғалімдерінің тілдік даярлығын жетілдіруге ықпал етеді. Автор ESP оқу бағдарламасының ғылыми негізделген моделін, оқу-әдістемелік материалдарды (соның ішінде арнайы оқу құралы), сондай-ақ EFL, ESP, EAP, CLIL және EMI бағытында жұмыс істейтін оқытушыларға арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеген. Сонымен қатар, бұл нәтижелер білім беру бағдарламаларын әзірлеуші мамандар үшін де құнды болып табылады.

6. **Диссертацияның талаптарға сәйкестігі.**
   Зерттеу нәтижелері 2 Scopus базасындағы журналда (Q3), ҚР ҒЖБМ сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 6 журналда, халықаралық және республикалық конференция материалдарында (2 мақала), сондай-ақ 1 оқу-әдістемелік құралда жарияланған. Автор ғылыми нәтижелерді тәжірибеде белсенді түрде сынақтан өткізіп, біліктілікті арттыру бағдарламаларында тренер және модератор ретінде қатысқан. Сонымен қатар, 2023-2025 жылдары жүзеге асырылған «English Medium Instruction (EMI)» ғылыми жобасына қатысуы зерттеудің практикалық маңызын арттырған.

Қорытындылай келе, докторант зерттеу мәселесін терең меңгергенін және елеулі ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар екенін көрсетті. Алынған нәтижелер педагогика ғылымының дамуына және шетел тілдерін оқыту әдістемесіне маңызды үлес қосады.

Осыған байланысты, Райханова Данараның диссертациялық жұмысы дербес, толық аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына толық сәйкес келеді және 6D011900 - «Шетел тілдері: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:
педагогика ғылымдарының докторы,
SDU University профессоры Касымова Г.М.